

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

Оқылым

9-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Бұл елдің жастары өзін биік ұстайды, биікке ұмтылады. Токионың қақ ортасында жастар көшесі, жастар алаңы бар. Бұл жердегінің бәрі жастарға арналған. Тамақ та, киім де арзан. Үкімет болашақтан үміт үзбес үшін жастарға барлық жағдайды жасап қойған. Жастар осы жерде өзін қызықтырған істермен айналысады. Провинцияда тұратын жастар, мектеп оқушылары жастар көшесін бір көруді армандайды. Сол үшін де мектеп оларға жағдай жасап, жақсы оқыған жастардың арман-тілектерін орындап отырады.

Жастардың арманы орындалар жер осы. Мұнда түрлі мерекелер, ата-анаға, бауырға қайырымды болу, оларды сыйлау күндері өтеді. Жастардың алдында ең ақылды данагөй шешен шалдары, Нобель сыйлығының иегерлері, жазушылар, ақындар, актерлер жүректен шыққан сөздерін айтады. Үлкен кісілер мен жастар көп пікірлеседі, сырласады. Жапон жастары бүгінмен ғана өмір сүрмейді, болашақ үшін, мемлекеттің гүлденуі үшін жұмыс істейді.

Қазақ халқы да жастарына «Ақыл жастан» деп, үлкен үмітпен қараған. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» - деген А.Байтұрсыновтың дана сөзі де жастарға ел тарапынан, мемлекет, үкімет тарапынан үлкен қолдаудың әрқашан керектігін есімізге түсіреді.

Бес жасқа дейін баласын патшадай көретін қазақ 15 жасқа дейін аямай еңбекке үйрете білген, 15 жастан кейін жастарға сенім артып, үлкен өмірге шындаған.

Мәтін бойынша тест тапсырмалары:

1. Мәтіндегі басты ақпарат ... туралы.

- A) жастар
- B) жапон елі және жастары
- C) жастар және қарттар
- D) жастар көшесі

2. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді табыңыз.

Мұнда түрлі мерекелер, ата-анаға, бауырға қайырымды болу күндері өтеді.

- A) үлкенге
- B) үлкендерге
- C) іні-сіңліге
- D) досқа

3. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді табыңыз.

Жазушылар, ақындар, актерлер жүректен шыққан сөздерін айтады.

- A) шынайы
- B) көп
- C) дана
- D) ақыл

4. Жапон жастары неге бақытты?

- A) Олар сабаққа бармайды.
- B) Олар жұмыс істемейді.
- C) Олар мерекелерді көп тойлайды.
- D) Олар өзін қызықтырған істермен айналысады.

5. Мақалдың жалғасын табыңыз. Ақыл жастан,

- A) бала ағадан
- B) асыл тастан

С) жақсылық жасаудан

Д) ата даналықтан

6. Синоним сөздерді табыңыз.

А) ата, бала

В) арман, тілек

С) ата-ана, бауыр

Д) пікір, үміт

7. Жапонияда неге жастарға барлық жағдайды жасайды?

А) елдің өткені үшін

В) елдің бүгіні үшін

С) елдің болашағы үшін

Д) елдің арманы үшін

8. Мәтіннің мазмұнына сай ақпаратты көрсетіңіз.

А) Жапонияда үлкендер жастармен сөйлеспейді.

В) Жапонияда жастар үлкендерді сыйламайды.

С) Жапонияда жастарға жағдай жасамайды.

Д) Жапонияда жастар мемлекеттің гүлденуі үшін жұмыс істейді.

9. Мәтінде жауабы жоқ сұрақты белгілеңіз.

А) Жапонияда жастар немен айналысады?

В) Жапонияда жастардың алдында кімдей сөйлейді?

С) Қазақтар неше жасқа дейін баласын патшадай көреді?

Д) Жапонияда жастар қайда оқиды?

10. Мәтінге ат қойыңыз.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

	Ә
1	
2	
3	
4	
5	

А) Эзоп бірінші күні тілден 3 түрлі тамақ пісіреді. Екінші күнгі тамақ тағы да тілден дайындалады.

Ә) Көне грек мысалшысы Эзоп философ Ксанфтың құлы болған. Олар біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген. Бірде Ксанф үйіне қонақ шақырады және Эзопқа 2 түрлі тамақ пісіруді тапсырады. Эзоп I күні тәтті тамақ, II күні ең жаман тамақ пісіруге тиіс болды.

Б) Маған ең жақсы тамақ пісіруге бұйрық болды. Тілден жақсы не бар? Тіл арқылы білім аламыз. Тіл арқылы бір-бірімізбен сөйлесеміз, амандасамыз, татуласамыз, достасамыз, қуантамыз. Тілдің көмегімен қалалар салынады, мәдениет, ғылым дамиды. Тілден жақсы ештеңе жоқ.

В) Тіл адамдарды жауластырады, қалаларды бұзады, мемлекеттерді құлатады. Бізге қайғы әкеледі. Тілден жаман ештеңе жоқ.

Г) Қонақтар екінші күні таңғалады. Эзоптан қонақтар: «Сен неге тек тілден дайындайсың?» - деп сұрапты. Эзоп былай жауап беріпті.

Ғ) Маған ең жаман тамақ пісіру тапсырылды. Ал тілден жаман не бар? Тілмен біз бір-бірімізді алдаймыз, ренжітеміз, ұрсысамыз, таласамыз, дауласамыз.

6. Мәтінге сәйкес ойды белгілеңіз.

- a) Тілсіз сенің күнің жоқ.
- b) Ең тәтті де, ащы да – тіл.
- c) Тәрбие басы – тіл.
- d) Тілі жоғалған жұрттың өзі жоғалады.

7. Ксанф қандай адам?

- a) ашық ауыз, жуас, сөзшең
- b) тапқыр, ақылды, дана
- c) тұйық, қыңыр, ақылды
- d) сараң, қу, тапқыр

8. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- a) Құлаққа кірген суық сөз, көңіліңе барып мұз болар.
- b) Тіл - достықтың алтын көпірі.
- c) Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.
- d) Жақсы тауып айтар, жаман қауып айтар.

9. Мәтіндегі синонимдерді табыңыз.

- a) алдаймыз, ұрсысамыз
- b) сөйлесеміз, амандасамыз
- c) татуласамыз, достасамыз
- d) жақсы, жаман

10. Мәтіннің тақырыбы не?

- a) қонақжайлылық
- b) құлық
- c) тіл құдіреті
- d) шешендік